



Мыңатай Қыстаубайұлы атындағы орта мектеп

АШЫҚ сабақ

Тақырыбы:

Қазақ хандары, билері, батырлары

5-сынып

Пән мұғалімі: Тулебекова Әсем



Сабақтың мақсаты:

- **Білімділік:** *Хан басқарған мемлекеттік басқару жүйесінің ерекшелігі, ханның атқаратын қызметі және қазақ хандығының қоғамдық саяси құрылымымен таныстыру және қазақтың сот төрелігі, билік айту жүйесі мен таныстыру, билердің тарихтағы алатын орны мен қызметіне тоқтала отырып, сонымен қатар жоңғарларға қарсы шыққан қазақтың хас батырлары жайлы кеңінен мәлімет беру және толық түсінік беру.*
- **Дамытушылық:** *Оқушыларға қызықты болу үшін қазіргі басқару жүйесі мен қазіргі басқару жүйесін салыстыру және өткен ғасырдағы төрелік айтумен таныстыру сонымен қатар қазақ батырларына тарихи тұрғыда баға беруге баулу.*
- **Тәрбиелік:** *Ерлікке, отансүйгіштікке тәрбиелеу, қазақ батырының ерлігін дәріптеп ерлігін үлгі етуге және қара қылды қақ жарған әділ болуға және қазақ жүздерінің басшыларының қызметтерін үлгі етіп жастардың бойына сіңіру.*



Сабақтың типі : жаңа білімді
меңгерту

Сабақтың әдісі : сұрақ – жауап,
баяндау

Сабақтың көрнекілігі :
интерактивті тақта

Пән аралық байланыс:
әдебиет, математика





Үй тапсырмасын сұрау



I-ТОП

- **Қазақ атауының шығуы жайында**

II-ТОП

- **Қазақ хандығының пайда болуы**

III-ТОП

- **Жүздерінің пайда болуы**



Үл мансырмадын БЕРКІТҮ



Кесте: *Қазақ хандығы*

Қазақ атауының мағынасы	Қазақ хандығының құрылуы	Қазақ хандығын құрушылар


ЖАҢА САБАҚ



Сабақтың тақырыбы:



**“Қазақ хандары, билері,
батырлары”**



Қазақ хандарының тарихы 1466-1847 жылдар аралығын қамтиды. Қазақ хандарының әулеті шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошы ханнан тарайды.

Қазақ хандығы 1466 жылы құрылған хандықтың іргесін қалаған қазақтың алғашқы хандары керей мен Жәнібек.

Керей мен Жәнібек

↓
Бұрындық хан

↓
Қасым хан

↓
Кенесары хан

Қазақ жүздері

Ұлы жүз



Орта жүз

Кіші жүз

Төле би

Қазыбек би

Әйтеке би



Төле би (1663–1756) – қазақ халқының бірлігін нығайтуға зор үлес қосқан атақты үш бидің бірі, мемлекет қайраткері, шешен, ұлы жүздің басшысы. Қазақ хандығының одан әрі өмір сүруіне пайдалы қағидаларын жасады.

Мысалы:

Болмас іске қарыспа,
Біреуге ор қазыспа,
Жауыздық іске барыспа
деген сияқты нақыл сөздері ел аузында сақталған.

Төле би 93 жасында қайтыс болған. Ташкентте жерленген.

Қаз дауысты Қазыбек би, Қазыбек Келдібекұлы – қазақ халқының XVII – XVIII-ғасырлардағы ұлы үш биінің бірі, көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері. Төле және Әйтеке бимен бірігіп жеті жарғыны жасауға қатысқан. Өзінің мәмлегер қызметін 48 жасында бастаған. 1740 жылы 900 бидің басын қосып, жоңғар хандығына барып, Абылай ханды босатып әкелді.

Нақыл сөздері:

«Даудың артын қыз байлайды, судың артын шым байлайды»


«Бір бала бар — атаға жете туады,
Бір бала бар — атадан өте туады,
Бір бала бар – кері кете туады»

Әйтеке Байбекұлы (1682 – 1766 жж.) — қазақ халқының бірлігін нығайтуға үлкен үлес қосқан атақты үш бидің бірі, мемлекет қайраткері. 24 жасынан бастап би болған.

Нақыл сөзі:

«Бай болсаң, халқыңа пайдан тисін,
Батыр болсаң, жауға найзаң тисін»

Қазак батырлары



Бөгенбай батыр

1680-1778 жж
Түркістан
өңірінде дүниеге
келген.

50 жылдан астам
қазақ халқының
қолын бастады.
1778 жылы
қайтыс болып Қ.
Н. Яссауи
кесенесінде
жерленген.





Қабанбай батыр

1691-1769 жж
өмір сүрген. Шын
есімі- Ерасыл.
Оны жеңгелері
нарбала деп
атаған.

Бас сардардың
міндетін атқарған.
Абылай ханның
жарлығымен
дарабоз батыр
атанған.

Наурызбай батыр

1706-1781 жж өмір сүрген. Ұлы жүздің шапырашты руынан шыққан. Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Жалпақтас деген жер Наурызбай батырдың қонысы болған екен. 20 жылдан бастап жоңғарлармен болған шайқастарға қатысты. 1750 жылы жаудан Жетісу жерін босатты.





Баян батыр

1710-1757 жж өмір сүрген. Абылай ханның өзі оны тапқырлығы, алғырлығы үшін ерекше құрметтеген. Қазақ – жоңғар соңыстары кезінде көрсеткен ерліктері үшін халық “Батыр-Баян” деп атаған.



ТАПСЫРМАЛАР



I-ТОП (қазақ хандары)

*Хан деген кім? Ол қандай
қызмет атқарады?*

III-ТОП (қазақ билері)

Әйгілі билер




Өмір сүрген уақыты



Бата, нақыл сөздері



Ш-ТОП (қазақ батырлары)






Сабақты қорыту





Сиқырлы сандар


$332+1034=$




$1541+300=$



$1063+600=$





$1300+464=$



$1123+600=$



$1778-1680=$



Жарайсындар!
Жарайсындар!



ОҚУШЫЛАРДЫ БАҒАЛАУ





Үйге тапсырма

§ 29

§ 30

§ 31

Сабақ аяқталды Рахмет

